

УДК 636:612,1]: 636.3

Т.Н. НЕСПАЕВ, С.С. АЛДАНАЗАРОВ, М.М. ЖЫЛҚЫШЫБАЕВА

Қазақ ұлттық аграрлық университеті Алматы қаласы

ҰЯН ЖҮНДІ ДЕГЕРЕС ҚОЙЛАРЫ ҚАНЫНДАҒЫ ФАГОЦИТОЗ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ МАУСЫМДЫҚ ӨЗГЕРИСТЕРІ

Аннотация

Лейкоциттердің негізгі қызметі организмді бөгде генетикалық заттардан қорғау болып табылады. Оның ішінде нейтрофильді гранулоциттердің қызметін ерекше атаған жөн. Бұлардың азурофильті түрі мен және арнағы гранулаларында ферменттер саны, әсіресе негізгі белоктар, көп мөлшерде болады. Лейкоциттердің метаболиттік белсенділігі жануарлардың жасына, физиологиялық жағдайларына сондай ақ әр түрлі микроорганизмдерге тікелей байланысты деп айтылады.

Кілт сөздер: гранулоцит, азурофильт, фагоцитоз, бейімделгіштік, әлеует.

Ключевые слова: гранулоцит, азурофильт, фагоцитоз, адаптация, потенциал.

Keywords: granulosit, azurofil, fagostion, adaptation, potential.

Организм өзінің тіршілік әрекетін сақтау үшін қоршаған ортамен затпен және энергиямен алмасып отырады. Ол сыртқы ортадан өзіне қажетті энергияны, құрылымдық заттарды қабылдап, энергияға бай күрделі химиялық косылыстар түзеді, өседі, дамиды және басқа да тіршілік әрекеттерін атқарады.

Зерттеу мақсатына орай жыл маусымымен байланысты қан жүйесінде байқалатын ауытқуларды саралтаудың маңызы зор, себебі организмнің тіршілік әрекеті ішкі ортандың тұрактылығына тікелей байланысты.

Қандағы лейкоциттердің негізгі қызметі организмді бөгде генетикалық заттардан қорғау болып табылады. Оның ішінде нейтрофильді гранулоциттердің қызметін ерекше атаған жөн. Бұлардың азурофильті түрі мен және арнағы гранулаларында ферменттер саны, әсіресе негізгі белоктар, көп мөлшерде болады екен. Лейкоциттердің метаболиттік белсенділігі жануарлардың жасына, физиологиялық жағдайларына сондай ақ әр түрлі микроорганизмдерге тікелей байланысты деп айтылады.

Біздің зерттеулеріміздің негізгі нысандары - дегерес қойларының екі ұяң жүнді типі. Бұл тип өз кезеңінде екі популяцияға – ақ және сұрғылт түсті қойларға жіктеледі.

Зерттеу жұмысы Алматы облысының тау бөктері аймағында орналасқан «Мәди» атты асыл тұқымды жеке шаруашылықта қыс, көктем, жаз және күзгі жайылым жағдайында жүргізілді. Қандағы лейкоциттер саны PS-5 атты гематологиялық талдағыш көмегімен, ал фагоцитарлық белсендік көрсеткіші нейтрофильдердің жалпы санынан олардың фагоцитозға қатысқан санының пайыздық үлесін есептеу арқылы анықталды. Фагоцитарлық индекс - фагоцитоз кезінде бір нейтрофиль қарбыған микроб санының орташа шамасын анықтау арқылы есептелді. Әр топта 5 бастаң мал болып, тәжірибелік мал саны 10 басты құрады.

Тәжірибеде жинақталған материалдар Н.А.Плохинский мен Е.А.Меркуьевалардың вариациялық статистика тәсілі негізінде «Biomet» компьютерлік бағдарламасы арқылы биометриялық өндөуден өткізілді, сенімділік көрсеткіші $p < 0,01$.

Ұяң ақ жүнді дегерес қойлары қанындағы лейкоциттер саны $8,09 \pm 0,1 - 12,5 \pm 0,4$ ($\times 10^9/\text{л}$), фагоцитоз белсенділігінің өзгерістері $50,75 \pm 0,2 - 68,0 \pm 0,5\%$, фагоцитральық бірлікті $2,5 \pm 0,5 - 2,6 \pm 0,2$ иеленсе ал, ұяң сұрғылт жүнді дегерес қойлары қанындағы лейкоциттер саны $9,44 \pm 0,76 - 10,1 \pm 0,8$ ($\times 10^9/\text{л}$), фагоцитоз белсенділік $56,7 \pm 2,7 - 67,7 \pm 0,7$, және фагоцитарлық бірлікті $2,5 \pm 0,3 - 3,7 \pm 0,1$ көрсетті.

Қан көрсеткіштері деңгейіндегі ауытқуларға карап малдың жана ортаға бейімделгіштік қасиетіне физиологиялық тұрғыдан баға беруге болады. Бұл жайтын ұяң сұрғылт жүнді қойлар организмінің резистенттілігінің жоғарылығымен түсіндіруге болады. Демек, бұл белгілі бір өнірде өсірілетін мал тұқымдарының шаруашылыққа тиімділігін алдын ала болжаяға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген маглұматтар малдың биологиялық әлеуетінің қанының фагоцитоз белсенділігіне ықпалы болатынының дәлелі. Қой қанындағы лейкоциттердің фагоцитоз белсенділігі малдың өнімділігі мен қоршаған ортандың экологиялық жағдайына бейімделгіштік қабілетін аңғартады.

ФАГОЦИТАРНАЯ АКТИВНОСТЬ ЛЕЙКОЦИТОВ КРОВИ У ДЕГЕРЕССКИХ КУРДУЧНЫХ ОВЕЦ С ПОЛУГРУБОЙ (ДПГ) ШЕРСТЬЮ ПО СЕЗОНАМ ГОДА

Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

НЕСИПБАЕВ Т.Н., АЛДАНАЗАРОВ С.С., ЖЫЛКЫШЫБАЕВА М.М.

Резюме

Приведенные данные позволяют утверждать, что животные со светло-серой окраской шерсти по уровню естественной резистентности несколько превосходят своих аналогов с белой окраской шерсти. Следовательно, продуктивность, воспроизводительная способность, адаптационные возможности к условиям обитания у этой внутривидовой группы животных, судя по уровню факторов естественной резистентности организма, должны выгодно отличаться от сравниваемой группы животных.

Ключевые слова: гранулоцит, азурофильт, фагоцитоз, адаптация, потенциал.

PHAGOCYTIC ACTIVITY OF LEUKOCYTES BLOOD DEGERESSKIH KURDUCHNYH SHEEP POLUGRUBOY (DPG) WOOL BY SEASON

Kazakh national agriculture university, Almaty

NESIPBAYEV T.N., ALDANAZAROV S.S., ZHYLKYSHBAEVA M.M.

Summary

Cited data allow to confirm that animals with the светло-серой colouring of wool on the level of natural резистентности some excel the analogues with the white colouring of wool. Consequently, productivity, reproductive ability, adaptation possibilities to the terms of habitation at this внутривидовой group of animals, judging on the level of factors of natural резистентности of organism, must advantageously differ from the compared group of animals.

Keywords: granulosit, azurofil, fagostion, adaptation, potential.